

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1299 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген ф у н к ц и о н а л д ы қ т о п т а :

212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

029 "Ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және қайта жаңарту" деген б а ғ д а р л а м а д а :

100 "Ауылдық елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және қайта жаңарту, соның ішінде инвестициялық жобаларға" деген кіші бағдарламада:

"Алматы облысы Жамбыл ауданы Аққайнар кентінде су құбыры желілері мен құрылыстарын қайта жаңарту" деген жолдағы "160640" деген сандар "120000" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ертіс селосының су алу скважиналары, көркейту, су құбыры желілері" деген жолдағы "52680" деген сандар "37700" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Түгіскен ауылының су құбыры желілерін қ а й т а ж а ң а р т у 3 0 6 2 0 " ;

"Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Қарағаш ауылының су құбыры желілерін қайта жаңарту 25000".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*